

Докторлық білім беру бағдарламасы түлегінің моделі
«8D04102 - АӨК-дегі экономика және ұйымдастыру»

Білім беру бағдарламасының мақсаты

Докторантураның білім беру бағдарламасының мақсаты-экономикалық процестерді талдау саласында әдіснамалық және практикалық дағдылары бар ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау.

Докторанттарды даярлаудың білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- АӨК-де экономика және ұйымдастыру саласында кәсіби құзыреттілігі бар жоғары білікті мамандарды даярлау;
- зерттеу мен оқытудың заманауи әдістерін, практикалық қызметте қажетті цифрлық технологияларды қолдануға қабілетті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау;
- стратегиялық және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін бизнес-процестерді талдауға және модельдеуге қабілетті мамандарды даярлау;
- инновациялық және инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру үшін қажетті білімі бар кадрларды даярлау;
- зерттеулерді дербес ұйымдастыруға, агробизнес проблемаларын шешуге, мемлекеттің экономикалық саясатын жетілдіруге бағытталған ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеуге қабілетті мамандарды даярлау.

Кәсіби қызмет салалары

Қазіргі ғылымды қажет ететін экономика докторлық дәреже иегерлерінің мансаптық мүмкіндіктерінің өсуіне алып келеді. Докторантурада оқу кезінде алынған іргелі білімі мен дағдылар академиялық салада және одан тыс жерлерде жұмысқа орналасу және мансаптық даму перспективаларын айтарлықтай жақсартады. Докторлық дәреже алу ғылыми-зерттеу, жобалау-экономикалық, аналитикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық және педагогикалық қызмет саласында маманның табысты мансаптық өсуіне ықпал етеді.

Кәсіби қызмет түрлері:

АӨК саласындағы мемлекеттік басқару және кәсіпкерлік қызмет саласында сараптамалық-талдамалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, әкімшілік сипаттағы ғылыми-педагогикалық, ғылыми-зерттеу, экономикалық қызмет.

Жалпы білім беру құзыреттері:

Докторант оқу нәтижелерін көрсететін және оның қабілеттерін сипаттайтын келесі жалпы білім беру құзыреттеріне ие болуы керек:

- ғылыми тәсілді ескере отырып, зерттеу процесін жобалау, енгізу және бейімдеу қабілеттерін қолдану;
- жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу негізінде мәселелерді шеше білу;
- білімге негізделген қоғамның технологиялық, әлеуметтік немесе мәдени дамуының академиялық және кәсіби контекстінде ілгерілеуге ықпал ету.
- алған білімдерін академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетін ескере отырып қолдана білу.

Негізгі құзыреттер

Оқу барысында докторант келесі базалық құзыреттерге ие болады:

- осы салада қолданылатын зерттеу саласында жүйелі білімге, зерттеу дағдылары мен әдістеріне ие болу;
- ғылыми саланың шекарасын кеңейту, ұлттық және халықаралық басылымдарда жариялау үшін өзіндік зерттеулерді қолдану;
- алған білімдері мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және жалпы жұртшылыққа хабарлау;
- зерттелетін салада ғылыми зерттеу және академиялық жазу әдістерін қолдану.

Кәсіби құзыреттер:

Білім беру бағдарламасы докторантура түлектеріне білімді үнемі жаңарту және қоғамды модернизациялау, экономика мен басқарудың қазіргі заманғы проблемаларын білікті және шығармашылық талдау, жеке және бірлескен ғылыми жобаларды ұйымдастыру мен жүргізуде, өзекті міндеттерді қоюда және экономика проблемалары бойынша ғылыми зерттеулердің шекараларын кеңейтуде, білім беру бағдарламаларын құру және жетілдіру, экономика саласында, экономикалық, әлеуметтік, бизнес пен басқарудың құқықтық және коммуникациялық аспектілерінде ғылыми қызмет саласындағы құзыреттерді алуға мүмкіндік береді.